

Эстетикалық әдістемелік бірлестігінің

жылдық жұмысының талдауы

2023-2024 оқу жылы

Биылғы 2023-2024 оқу жылында эстетикалық пәндер бірлестігінде 6 мұғалім қызмет етеді. Тамыз айында бірлестіктегі мұғалімдер жиналыста бірлесе отырып, жылдық жоспарды құрылды, жоспар бекітіліп, сол бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жыл басында бірлестік отырысында әр мұғалімге сағат сандары бөлініп берілді. Бірлестіктегі мұғалімдер өз пәндері бойынша биылғы оқу жылының басынан аудандық ашық есік күндеріне арналған семинарларға қатысып, іс-тәжірибе алмасып келді. Мектепте көптеген іс-шараларға және үйірмелерге қатысып белсенділік танытты.

Мектепте пән бірлестіктерінің онкүндіктері болды. Мұғалімдер өзара сабаққа қатысып, тәжірибе алмастық.

Денешынықтыру мұғалімдері мектепшілік денсаулық күнің өткізді



Спорттық жанұя «Мама, папа және мен» атты іс-шаралар өткізілді.



«Тоғыз айға – 9 іс – шара» әнұран айту челленджі



«Тоғыз айға – 9 іс- шара» «Асық ату» челлендж



Каникул кезіндегі жоспар бойынша 5-9 сыныптар арасында ұйымдастырылған спорттық іс - шара



20.11.2023-27.11.2023 жыл аралығындағы эстетикалық пән бірлестігі онкүндігінің қорытындысы
Тақырып: «Өнер – асыл қазына»

Мақсаты: Оқушылардың шығармашылығын арттыру. Қазақ халқының салт-дәстүрі, қолөнер түрлерімен сусындату, күнделікті өмірмен байланысты талғам жасай білуге тәрбиелеу. Адамгершілік қасиетке бай білімді, өнегелі, намысшыл парасатты, еңбекқор ұрпақ қалыптастыру.

Пән апталығының жоспары ӘБ отырысында қаралып, бекітілді. Апталық 20 қараша мен 27 қараша аралығында «Өнер – асыл қазына» атты тақырыбында өткізілді. Қарашаның 20 күні оқушыларымызбен ұстаздарымыздың шығармашылығынан оркестр және көрме ұйымдастырылып, апталықтың ашылу салтанаты болды. Көрмеге оқушылардың шығармашылық жұмыстары және аудандық байқауларға қатысып, жүлделі орын алған оқушылардың қолынан шыққан өнер туындылары қойылды.



Әр мұғалім өз білімін өздері жабдықтап көрнекі құралдарды өздері жасайды әрі сабақта оны тиімді пайдаланады. Жыл сайын көрнеліктерді толықтырып отырады. Әдістемелік танымдық және оқулықтары бойынша.

Жұмаш У.Д. деншынықтыру пәнінің мұғалімі 21 қараша күні 8 «Б» сыныбында «Обучение техники гимнастических упражнений на снарядах» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ жоспары қысқа мерзімде жазылған. Сабақтың құрылымы өте жақсы жасалған. Дене қыздыру жаттығтарын жасатып, дем басу уақытында өткен сабақтардан талқылауға арналған сұрақтар қою арқылы жаңа сабақты мақсатын айтты. Сабақта жаңа технология элементтерін қолданды. Сабақта әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолдану арқылы қызықтыра алды. Сабақта оқушылар белсене қатысып, сабақ өте жақсы өтті.



Бимурзина А.А. денешынықтыру пәнінің мұғалімі 6-8 «А» сыныптар арасында «Пионербол ойыны» сабақтан тыс спорттық іс –шара өткізді.



Сағынтай Н.Е. көркем еңбек пәнінің мұғалімі 22 қараша күні 5 «Б» сыныбында «Обсуждение идей и разработать эскиз планирования работы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Жаңа сабақты мұғалім слайд арқылы түсіндіріп, өтті. Бейнежазбаны көрсетіп, бүгінгі сабаққа қажетті ақпараттарды түсіндірді. Сабақты қорытындылау мақсатында оқушыларға жасаған копилкаларын келесі сабақта бояп аяқтайтынын айтты. Бағалау әр тапсырма бойынша белгіленіп, әр тапсырма бойынша кері байланыс жасалып отырды. Сабақ жақсы деңгейде өтті.



Хайролла А.Т. және Сағынбай Н.Е. көркем еңбек пәнінің мұғалімдері 5-9 «А», «Б» сыныптар арасында мектепшілік «Тағам жәрмеңкесі» атты сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырды. Іс шараға барлық сыныптар белене қатысты. Оқушылар мадақтамалармен марапатталды.



Рахимжанов М.Х. музыка пәнінің мұғалімі 23 қараша күні 5 «А» сыныбында «Күй құдыреті» тақырыбына ашық сабақ өткізді.



Хайролла А.Т. көркем еңбек пәнінің мұғалімі «Жүнмен жұмыс істеу ерекшеліктері» атты ұстаздарға арналған шебер сынып өткізді.



Истаев М.С. денешынықтыру пәнінің мұғалімі 3-4 «Б» сыныптар арасында «Национальные спортивные игры» тақырыбына ашық сабақ өткізді.



Денешынықтыру пәні мұғалімдері ұстаздар арасында «Волейбол» ойының ұйымдастырды.



Апталық барысында өткен ашық сабақтар оқушылардың логикалық ақыл-ойын, сабаққа деген ынтасын арттыру мақсатымен білім беру жүйесінің жаңа әдісі-тәсілдері арқылы жоспарланды. Сабақты жаңашыл үрдіспен өткізу – оқушылардың білім сапасын арттырып, сабаққа қызығушылығын оятып, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытып отырады. Пән мұғалімдері оқушыларға бағыт – бағдар бере отырып оқушыларға тең серіктес болып, бірге жұмыс жасап, оларға сеніммен қарап, өз ойын ашық айтуға, сөйлеуге қолдау көрсетіп отырды. Апталықта өтілген іс-шараларда жақсы жетістікке жеткен оқушылар мадақтамалармен марапатталды.



«Табиғат тіршілік көзі» аудандық экология байқауына қатысып жүлделі 2 орынды иеленді. Қалдықтан жасалған бұйымдар, қатысушылар 8-9 сынып қыздары Екпін Перизат, Сағентаева Алтынай, Серикова Айым. Жетекшісі: көркем еңбек мұғалімі Хайролла А.Т.

Қазақтың ұлттық қолөнері «Наурыз думан» көрмесі



«Наурыз» мейрамына орай қазақтың ұлттық ойындары



Каникул кезіндегі жоспар бойынша 5-9 сыныптар арасында ұйымдастырылған спорттық іс - шара



«Тоғыз айға – 9 іс- шара» «Шахмат ойнау» челлендж



Аудандық «Алтын қазына» көрмесі



Барлық мұғалімдер әр дайым өз білімдерің жетілдіруде. Мұғалімдер біліктілігін арттыру мақсатында кесте бойынша конференция, семинарларға, жарыстарға қатысуда

Бірлестік жетекшісі:

Бимурзина А.А.